

**Автомобиль жолдары саласындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі
салалық кеңес (бұдан әрі – салалық кеңес) отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.
(ZOOM)

2024 жылғы 20 қыркүйек
сағат 16:00

Төрағалық еткен: автомобиль жолдары саласындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестің төрағасы – «Қазақстанның автожолшылар қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Б.А. Баймағамбетов;

Қатысқандар: (тізім бойынша).

Күн тәртібі:

1. «Автомобиль жолдары» біліктілігінің жаңа салалық шеңберін бекіту;

2. Кәсіби стандарттардың жобаларын келісу

1. ҚР Үкіметінің Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту және кәсіптік біліктілік туралы жаңа заңнаманы іске асыру жөніндегі хаттамалық тапсырмаларын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің аппаратын назарға алсын:

- «Автомобиль жолдары» біліктілігінің жаңа салалық шеңберін әзірлеу жөніндегі жұмыстарды аяқтау туралы;

- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ескертулері бойынша автожол саласының мынадай кәсіби стандарттарының жобаларын пысықтау туралы (шығ. № 01-2-04/12618 12.08.2024 жыл):

«Автомобиль жолдары саласындағы жұмысшылар» КС;

«Жобалау, жобалау-іздістіру және жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу» КС;

«Автомобиль жолдары саласындағы менеджерлер» КС;

«Автожол құрылысындағы табиғатты қорғау қызметі» КС;

«Автомобиль жолдары саласындағы инженерлік-техникалық қызметкерлер» КС.

«Автомобиль жолдарын пайдалану» КС.


2. Талқылау нәтижелері бойынша шешім қабылданды:

2.1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша «Автомобиль жолдары» біліктілігінің жаңа салалық шеңбері келісілсін және бекітілсін.

2.2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ескертулерін ескере отырып, автожол саласының кәсіптік стандарттарының жобалары келісілсін.

3. Автомобиль жолдары саласындағы салалық кеңестің хатшысы осы Хаттаманы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестің мүшелеріне таратуды қамтамасыз етсін.

Автомобиль жолдары саласындағы
кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық
кеңестің төрағасы



Б. Баймағамбетов

